

**Жалпы білім беретін Г.Мәсәлімов атындағы орта мектеп КММ
бойынша мектеп психологтарының атқарған жұмыстарының есебі
2021-2022ж**

Жыл басында жылдық жоспар жасақталып, жоспар бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды. Сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушыларға диагностикалық карталар жасақталып, психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1-5 сынып оқушыларының даму деңгейі мен психологиялық дайындығын анықтау мақсатында сауалнамалар мен тренингтер жүргізіліп, кеңестер берілді. 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындау, әзірлену ерекшеліктері, оқушыларда стресс деңгейін анықтау мақсатында көптеген сауалнамалар өткізіліп, психологиялық дайындығын анықтауда тестілер жүргізіліп, кеңестер берілді. Ата-аналармен түрлі тақырыптарда пікір алмасулар жүргізіліп, қоян-қолтық жұмыстар атқарылды. «Отбасы және тәрбие», «Отбасы, мектеп, қоғам-болашақ игілігі үшін» тақырыбында дөңгелек үстелдер, сауалнама, тренингтер өткізілді. Мектеп оқушыларына психологиялық көмек журналы ашылып, оқушылармен пікір алмасу жүргізіліп отырды. Суицидтің алдын-алу мақсатында іс-шара жоспары бойынша біршама жұмыстар жасалды. Атап айтқанда, суицид фактілерінің алдын алу үшін мектеп ішінде оқушы көзқарасын, түсінігін байқау және оны анықтау мақсатында мектеп ішіне сенім жәшік қойылып, ойландырып жүрген сұрақтар бойынша талқылану мақсатында мектепшілік және 7,8,9,10,11-сыныптар оқушылары арасында өзін-өзі қол сұғудың алдын алу және оны болдырмау бағытында «Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша психологиялық кеңестер беріліп, bilimfoundation.kz сайты арқылы онлайн сауалнамалар өткізілді. Аз қамтылған, жартылай жетім жанұя оқушыларын үнемі бақылауға алып, ата-аналармен пікірлесіп отыру жыл бойына атқарылған жұмыстардың бірі болды. Оқушылар арасында тренингтер мен ойындар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: ZOOM платформасы арқылы «Жағдаяттан шығу ойыны», «Мінез - адам айнасы» тренингісі, «Кікілжіңнің алдын алу», «Адамдар не себепті ренжіседі?», «Екі қошқар» тағы басқа көптеген тренингтер ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдердің уақытын тиімді ұйымдастыруға, ата-аналардың педагогикалық және отбасында тәрбиелеуді қалыптастыруға баса көңіл бөлінетін «Суицид қиындықтан шығар жол емес» және тағы басқа тәрбиелік шаралар мен кеңестер өткізілді. Сонымен қатар оқушыларға ZOOM платформасы арқылы «Стресске төзімділік», «Өзін-өзі бағалау», «Сен жақсы дос бола аласың ба?» және басқа сауалнамалар жүргізілді. Сондықтан осындай фактілерді болдырмаудың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналар арасында ZOOM платформасы арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді және алға қарай жалғасын табады. Зорлық-зомбылыққа байланысты Г.Мәсәлімов атындағы орта мектеп КММ бойынша ересектер мен балалардың жалпы қоғамның балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі, оның балаларға және қоғамға тигізетін зардабы, сондай-ақ осы саладағы халықаралық және ұлттық заңнама негіздері туралы ақпараттануын

арттыру мақсатында апталық жоспарланып бекітілді. Оқушыларды «Зорлық-зомбылықсыз» өмір сүру жолын көрсету, балалық шағын қызықты да, әсем өмір сүруге баулу мақсатында сыныптар арасында әртүрлі тақырыптарда сынып сағаттары өтті. Адамдар арасындағы қарым-қатынас нысаны ретіндегі зорлық – зомбылыққа жол бермеу, балалар арасындағы және отбасында зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында ата-аналар арасында ZOOM платформасы арқылы «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жиналыс өткізілді. Зорлық-зомбылық мәселесі жөнінде мәліметтермен бөлісу, статистика жөнінде мағлұмат беру, пікірлерді талдау мақсатында 7-9 сыныптар арасында мектеп психологы Еспосинова Гүлбану ZOOM платформасы арқылы «Жылы жүрек», жеткіншек кезеңдегі зорлық-зомбылық ерекшеліктерін талдау, балаларды агрессиядан арылуға үйрету мақсатында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыптарында тренингтер өткізілді. Балаларды адамгершілікке, рухани бай тұлға ретінде қалыптастыру, мінез-құлықтарын дұрыс жолға қою мақсатында ата-аналарға онлайн слайд жіберіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 5-9 сыныптар арасында «Балаларды қорғауға қарсы тұрайық» тақырыбында тренинг өткізілді. Мектеп оқушыларына психологиялық көмек журналы ашылып, оқушылармен пікір алмасу жүргізіліп отырылды. Оқушылар арасында тренингтер мен ойындар, «Агрессивті балалармен жүргізілетін жұмыстар түзету жұмыстары» атты сауалнамалар жүргізіліп, оқушы түсінігі қалыптастырылды. Ата-аналар жиналысында «Өзіне-өзі қол салудың алдын алу шаралары» тақырыбында лекция оқылып, пікір алмасылды. Сынып жетекшілер, ата-аналар, мұғалімдермен тығыз байланыста болып, үлгерім сапасын жақсарту, сонымен қатар пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болып, мектебіміздің ұстаздар ұжымымен жыл басында «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау» сауалнамасы жүргізілді. жүргізілді. Оқушыларға «Кикілжіңнің алдын-алу», «Адамдар не себепті ренжіседі?» атты тренингтер ұйымдастырылды. «Өзін-өзі бағалау» түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Сенің денсаулығың өз қолыңда» атты психологиялық кеңес, «Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық зомбылық» туралы мағлұмат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Жақсы болу өзіңнен» психологиялық тренинг, «Мен өмірімнің жарқын болғанын қалаймын» психологиялық тренинг, «Өзіңізді тану- бір-біріңізге қуаныш сыйлау» психологиялық тренинг, мектептің педагог-психологтарының ұйымдастыруымен сынып жетекшілермен, жоғары (9,10,11) сынып қыз балаларымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыз балалар арасында кеңестер және «Білгеннен білмегенім көп» тақырыбында қыз балалармен ой бөлісіп, өз пікірлерін ортаға салды. «Қыздарға өнегелі тәрбие беру жолдары» тақырыбында қыз бала бойындағы жақсы қасиеттерге байланысты кеңестер берілді. «Зорлық-зомбылық туралы не ойлаймын» (анонимдік) сауалнамасы, «Ғаламтор және компьютерлік ойындарға тәуелділіктің алдын алу (сауалнама), «Мен және менің ортам» психологиялық тренинг, «Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушыларға

психологиялық көмек көрсету», «Мамандық таңдауға кәсіби бағдар беру», кәсіби маңызды сапаларды кешенді диагностикалау» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Сонымен «қатар «Жасөспірімдердің психикалық сауаттылығын арттыру» мақсатында bilimfoundation.kz-тің Республикалық онлайн сауалнамасы өткізілді.


Ата-анамен жүргізілген жұмыстар: Ата-анаға психологтар тарапынан психологиялық көмек көрсетілді. «Балалармен жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы» жөнінде ата-аналармен кездесу, (ZOOM платформасы арқылы) «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Психологиялық-профилактикалық жұмыс «Ата-ана сөзі- тәрбие көзі» тақырыбында ата-анаға арналған психологиялық семинар-тренинг, (ZOOM арқылы) «Жасөспірім суицидінің алдын алу: жасөспірімге депрессиядан, абыржулық және психологиялық жарақаттан шығуға қалай көмектесуге болады?» тақырыбында ата-аналарға тренинг, (ZOOM арқылы) өткізілді.

Оқушылардың кәсіптік бағдарлауда жеке бейімділіктері мен қабілеттерін анықтау мақсатында мамандық таңдауға кәсіби бағдар беру, кәсіби маңызды сапаларды кешенді диагностикалау мақсатында 9,10,11-сынып оқушыларына сауалнамалар, пікір алмасулар, кеңестер жүргізілді. Оқушыларда өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған 8-11 сыныптарға жаттығулар ұйымдастырылды. Мемлекеттік бітіру емтиханы және ҰБТ-ге дайындық жұмысында психологиялық тұрғыдан қолдауды ұйымдастыру мақсатында 9,11-сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсетілді. Аудандық «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» тақырыбында тәжірибе алмасу психологтар семинары өткізілді. Сонымен қатар мұғалімдерге «Менің жұмысым», «Мен қандай маманмын» жаттығулары жүргізілді. Ұжымдағы жас мамандардың бейімділігін анықтау үшін тренингтер өткізілді. Оқушыларлардың мінез-құлқы, көңіл-күйлері бірқалыпты. Ата-аналар мен оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, кездескен қиындықтардың оң шешімін табуға көмектесудеміз. Сәуір, мамыр айларында апта сайын сынып жетекшілеріне хабараласып, оқушылардың көңіл-күйлерін, сабаққа қатыстарын сұрап, біліп отырдық. Жекелеген оқушылармен де байланысып, күнделікті хабарласып көңіл-күйлерін бақылауда болды. Ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер ұсынылды. Қазіргі уақытта ҰБТ мәселесі мектеп түлектерін, ата-ананы қатты ойландырып жүрген мәселе екені анық. Сол бағытта үнемі түлектермен, ата-аналармен пікірлесіп, ата-аналарына, оқушыларға психологиялық кеңестерден видео материалдар таратылды. 2020-2021 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе жоспар бойынша қойылған жұмыстар легі жүзеге асырылып, психологиялық есебі берілді.

Мектеп психологтары:

Г.Еспусинова

Б. Тауманова







Ғабдилла Масанов атындағы орта мектеп КЭМ

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және сүншілтің алдын алу»

Аудандық психологтар семинары





